

● **Құттықтаймыз!**

## **БЕДЕЛ БИГІНЕН КӨРІНЕ БЕРІНІЗ!**

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры, техника ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі Жұмахан Үшкөмпірулы Мырхалықовқа Алматы облысы, Жамбыл ауданының құрметті азаматы атағы берілді.



Бұл атаққа ғылыми және педагогикалық кәсіби шеберлігі арқылы жетіп отырған Ж.Мырхалықовтың еңбек жолы Қазақстанның жоғары білім ордаларында ғылым саласының дамуымен тікелей байланысты.

Таңымал ғалым «Мәңгілік ел» қозғалысының дамуына белсенді қатысты. «Абайтану», «Түркітану» және «Сұраншы батыр» ғылыми институттары мен орталықтарын құра отырып, онда жұмыстың жүйелі жүруіне қолдау көрсетті. Қазақтың рухани мәдениеті мен мұрасын үндестіруде М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті еліміздегі жетекші ғылыми орталыққа айналды.

Жұмахан Үшкөмпірулың лайықты марапатымен шын жүректен құттықтай отырып, ғылым жолында жаңа шығармашылық идеялар мен Қазақ елінің рухани, мәдени мұрасын одан әрі жанғырта беруіне тілектестігімізді білдіреміз.

*М.Әуезов атындағы ОҚМУ ұжымы мен студенттері қолы*